



ПРИОЗЕРСКИЙ

№46/534

17 ноября 2017 года

Вестник

газета издается с 26.06.2004 года

Отанды қорғау – абыройлы міндет

ЖАС САРБАЗДАР АНТ ҚАБЫЛДАДЫ

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің «Астана» өңірлік қолбасшылығы әскерлеріне қарасты 06708 әскери бөлімі 2017-жылғы күзгі әскерге шақыру маусымында Ақмола облыстық қорғаныс істері жөніндегі аймақтан Отан алдындағы борышын өтеуге келген 30 жас сарбазбен толыққан болатын. Үстіміздегі жылдың қараша айының 12-жұлдызы күні аталмыш сарбаздардың ант қабылдау рәсімі болып өтті. Ант қабылдау рәсіміне қала әкімінен бастап жауапты қызметкерлер, арнайы шақырылған құрметті қонақтар және жас сарбаздардың аталған рәсімге әдейі келген ата-аналары мен туған-туыстары, бөлімнің әскери қызметшілері мен офицерлер құрамы қатысты. Әскери бөлімнің салтанатты шеруге арналған алаңы таңғы мезгілде талапқа сай дайын болып, белгіленген сағат 10.00-де ант қабылдау рәсімі басталып кетті. Қазақстан Республикасының мемлекеттік туын көтеру құрметі 2017-оқу жылының қортындысы бойынша бірінші орын алған 1 Реактивті дивизион командирі майор Тауыпқы Кубегенұлы



төрағасы Жарасық Қармысова, 18405 әскери бөлімінің командирі полковник Талғат Асқарбекович Саламатов, сарбаздардың ата-аналары атынан Адил Рүстемұлы Кастауптың анасы Оксана Николаевна Кастауп, Айдар Нұрланович Мұраттың атасы, еңбегі сіңген зейнеткер Мұрат Қайырұлы Шахатаев, сарбаз Александр Сергеевич Неевин құттықтау сөзге шықты.

Салтанатты жиын қатысушылары бөлімнің әскери қызметшілері ұсынған әскери жаттығулар мен қоянқолтық ұрыс секілді әскери өнерлерін тамашалады. Онда қарумен және қарусыз саптық әдістемелер, № 1, № 2 еркін жаттығулар кешені және қолмен төбелес жүргізу тәсілдері көрсетілді. Сонымен қатар ант қабылдап болған сарбаздар ата-аналарымен және туыскандарымен біргелікте естелік суретке түсті. Бұдан әрі жас сарбаздар көрменерпаздар үйірмесінің ұйымдастыруымен берілген концерттік бағдарламадан соң мерекелі дастарқаннан дәм татысты. Ант қабылдау рәсімінің ізін ала бере қысқа мерзімдік әскер қызметтерін өтеп болған сарбаздар үйлеріне шығарып салынды.

Н.АЛТЫНБАЙҰЛЫ



Байғужинге тапсырылды. ҚР мемлекеттік туы ортаға шыққан соң, Қазақстан Республикасының мемлекеттік әнұраны орындалды.

Салтанатты жиынды 06708 әскери бөлімінің командирі подполковник Жаслан Каиргелдинович Жакупов ашып, жас сарбаздарды осынау маңызды күнмен, салтанатты сәтпен құттықтады. Приозерск қаласының әкімі Қайрат Амангелдіұлы Камзин құттықтау сөзін аяқтағаннан кейін қалалық ардагерлер кеңесінің

АХМЕТЖАН ЕСИМОВ ВРУЧИЛ ОРДЕН «ДОСТЫҚ» II СТЕПЕНИ ГЕНЕРАЛЬНОМУ СЕКРЕТАРЮ МБВ В.ЛОССЕРТАЛЕСУ

15 ноября в Париже состоялась 162-ая сессия Генеральной ассамблеи Международного бюро выставок (МБВ) с участием высшего руководства организации. С докладом об итогах проведения Международной специализированной выставки ЭКСПО-2017 в г. Астана выступил Председатель Правления АО «НК «Астана ЭКСПО-2017» Ахметжан Есимов.

организации», - сказал Ахметжан Есимов.

Кроме того, количество посетителей превысило плановую цифру в два раза и составило почти четыре миллиона человек. Только национальный павильон Казахстана «Нур Алем» посетили один миллион 300 тысяч.

«Сегодня мы с гордостью можем отметить, что все поставленные задачи были успешно решены, а цели достигнуты. Совместными усилиями мы создали территорию высоких технологий и положительной энергетики», - подытожил глава нацкомпании.


ЭКСПО дало толчок экономическому подъему Казахстана. Подготовка и проведение выставки способствовало росту ВВП на 4,3%. На 70% увеличился рост выпуска товаров, а спрос на туристические услуги вырос

на 78%.

Еще до начала ЭКСПО-2017 было принято решение сохранить уникальные объекты в качестве наследия выставки и создать комфортную туристическую зону для горожан.

11 ноября вновь открыли свои двери национальный павильон «Нур Алем», Зона лучших практик, два тематических павильона и Арт-центр.

Департамент по связям с общественностью АО «НК «Астана ЭКСПО-2017»



В ходе Сессии ассамблеи МБВ Ахметжан Есимов вручил орден «Достық» II степени Генеральному секретарю МБВ Висенте Лоссерталесу от имени Президента РК Нурсултана Назарбаева. Глава нацкомпании подчеркнул важную роль МБВ в успешном проведении выставок ЭКСПО в мире.

«Нам предстояло решить три главные задачи – обеспечить участие более 100 стран и семи международных организаций, привлечь более двух миллионов посетителей и провести мероприятие на высоком организационном уровне. Как вам известно, в ЭКСПО приняли участие 115 стран и 22

ОНОМАСТИКА: ӘЛЕМДІК ТҮЙТКІЛ

Қазақ елінің көптеген ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық ономастика жүйесі XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап түбегейлі өзгерістерге ұшырады және патша үкіметінің отаршылдық мүдделеріне, кейіннен кеңес жүйесінің тоталитарлық саясатына қызмет етуге мәжбүр болды. Отаршылдық пен тоталитарлық режимдердің идеологтары ономастиканы қоғамның тарихи-мәдени санасына әсер етудің саяси құралына айналдырды. Нәтижесінде қазақ ономастикасының өзіндік болмысына, ұлттық ерекшелігіне, әсіресе оның топонимикалық және антропонимикалық жүйелеріне орасан зиян келтірілді. Қазақстан қартасы едәуір бұрмалауларға ұшырады. Әсіресе, Ресейдің бес облысымен шекаралас Батыс өңірінің атаулары жаппай орыстанып, ежелгі ұлттық бастауымыздан ажырап қалғандай күй кешкен едік. Бірақ, бақытымыз бар екен, тәуелсіздік таңы атып, соның арқасында жоғалтып ала жаздаған ұлттық құндылықтарымызды ақырындап қайтара бастадық. 1991-жылы 16-желтоқсанда Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алуымен, тұңғыш Президентіміз Н.Назарбаевтің салиқалы саясаты арқа-

сында ұлттық ономастика әлемдік кеңістікке белсене араласа бастады.

Қала, көше, алаң, нысан аттарын қою, ауыстыру – мемлекеттік идеология болса, сол ұлттық ономастика саясатын халық арасында насихаттау, мемлекеттік тұжырымдама, осы салаға қатысты басқа да заңдық құжаттарды түсіндіру атқарушы және өкілетті органдардың, тиісті мекемелердің және қоғамдық ұйымдар мен БАҚ-тың басты міндеті.

Ономастика – ғылыми-талдамалық және тарихи негіздеге сүйенетін сала. Бұл мәселеге қазіргі таңда қызмет етіп отырған Ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту мемлекеттік мекемесі бейжай қарамайды. Соның арқасында өзіміз тұрып жатқан Приозерск қаламызда көптеген көше және нысандар жаңа атауларға ие болғаны мәлім. Бұл ізгі шара әлі жалғасын тауып келеді.

Өңірімізде «ономастика» туралы танымдық-анықтамалық кітаптардың болмауын пайдаланған жікшіл топтар ел арасында іріткі туғызуда, яғни байырғы халықтың ар-намысына тиюде. Көше және елді-мекендердің өзгертуіне наразылығын білдірген тіркелмеген аты бар да заты

жоқ партиялар «бұл өткен тарихымыз, оны ауыстырудың жөні жоқ» деп өз тарихын дұрыс білмейтін тұрғындарды алдап, қолдарын қойғыздырып мемлекеттік саясатына қарсы шаралар жасап жүр. Ең алдымен баса айтарымыз, Қазақстанның топонимдік кеңістігінде «ті», «ты» тарихи жұрнақтарымен келетін жүздеген жер-су атауларын мысалға келтіруге болады. Ұлттық ономастика, оның ішінде топонимикада «ті», «ты» көне жұрнақтары кезінде түркі және монғол тілдеріне ортақ болғандығы, сондай-ақ, олар арқылы жасалған бұл атаулардың қазақ жалпыхалықтық ономастиканың еншісіндегі, қазақ тілінің төл атаулары, тілдік фактілері ретінде қалыптасқандығы дау тудырмайтын, ғылыми тұрғыдан дәлелденген мәселе...» деп анықтама берген. Кейбіреулер айтқандай, жергілікті жерлердегі жер-су, елді-мекен атауларының барлығын өзгертіп барып жинақ кітабын шығару және облыс көлеміндегі өзгертілген географиялық атаулардың шығу тарихын бір кітапқа сыйғызу ақылға мүлде сыйымсыз.

Еліміздің орыстануып кеткен аймақтарындағы тілдік ахуалдың қандай күйде екендігін айтқан депутаттар «Мұны шешудің қандай жолы бар?» деген сауалды

Өзекті мәселе



министрдің өзіне қойды. Министр де мүдірген жоқ.

«Жиын, басқосуға келген адамдардың 50 пайыздан астамы қолдаса, қала атын ауыстыруда қиындық болмайды» - деген Дархан Мынбай мырзаның пікірі де түсінікті.

Өлгіндей жиындарда ескінің сарқыншағынан арыла алмай жүргендердің емес, елінің болашағына алаңдайтын, ортақ пікірдегі ұлтжанды азаматтардың дауысы табанды түрде естілсе, оң болар еді. Онсыз бұрынғы дағды қанына сіңіп кеткендер ескі атаудан құтылуға асығар емес.

Н.АЛТЫНБАЙҰЛЫ



Заман талабы

ЛАТЫН ӘЛІПБИІН ҚОЛДАУ

Бүгінгі таңда қоғамда әліпбиді ауыстыруға байланысты түрлі пікірлер айтылуда. Президенттің «Қазақстан - 2050» стратегиясы. Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы Тәуелсіздік күні қарсаңында 14 желтоқсанда болды. Жолдауда Қазақ елінің болашақ даму стратегиясы айқындалды, соның ішінде қазақ тілінің латын әліпбиіне көшетіні туралы қорытынды пікір айтылды.

Осыған орай елімізде Президент тапсырмасын жүзеге асыру жолында нақты жұмыстар кеңінен жүргізілуде. «Айналайын» бөбекжайында кириллица әліпбиінен латын әліпбиіне көшіру мәселесіне көшу жөнінде өз жұмыстарын жүргізуде. Бөбек-

жайда әр аптаның сәрсенбі күніне бір іс-шара жоспарланып ұжыммен өткізілуде. 2017 жылдың 17 қараша күні «Айналайын» ұжымының арасында «Латын әліпбиіне көшуді қолдайсыз ба?» атты сауалнама жүргізілді. Ұжымдағы барлық қызметкерлер өз ойларымен бөлісіп, сауалнамаға тұтастай жауап берді.

Қорытындылай келсек, «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» - деп дана халқымыз айтқандай, Қазақстан халқының ойы бір жерден шығып, жұмысқа жұмыла кіріссек, талай жетістікке жетіп, латын әліпбиін жақсы игереміз деген ойдамыз.

«Айналайын»
балабақшасы

ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНЫҢ «БАЛАҚАЙ» БӨБЕКЖАЙЫНДА «ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ КӨШУ БОЙЫНША НАСИХАТТАУ ЖҰМЫСЫ ЖАЛҒАСУДА

2017 жылдың 15 қарашасында «Приозерск қаласының «Балақай» бөбекжайында ұжым қызметкерлерімен қазақ тілінің латын әліпбиіне көшу бойынша насихаттау іс-шаралар жоспарын іске асыру мақсатында «Латын әліпбиі болашаққа қадам» тақырыбында түсіндіру жұмысы өткізілді.

Бұл іс-шараға мектепке дейінгі мекеменің педагогтары, қызмет көрсету персоналы және жастар тәжірибесі бойынша жұмыс істейтін жас мамандар қатысты.

Түсіндіру жұмысы бөбекжай дирек-

торы Г.Узалина бастады. 2025 жылдан бастап латын әліпбиіне көшуге кірісуіміз керектігін және болашақта барлық саладағы іс-қағаздар мен оқулықтар да осы қаріппен жазылуы тиіс екенін айтты. Қазіргі заманғы технологияның, коммуникацияның, сондай-ақ 21 ғасырдағы білім беру үрдісінің дамуына байланысты латын әліпбиіне көшу - заман талабы деп ойлаймын, деген пікірімен бөлісті.

Сонымен қатар 2017 жылдың 27 қазанында Қазақстан Республикасының Прези-

В ПОДДЕРЖКУ ПЕРЕХОДА КАЗАХСКОГО АЛФАВИТА НА ЛАТИНИЦУ

По инициативе Главы Государства Н.А. Назарбаева планируется переход на латинскую графику до 2025 года. В связи с актуальностью вопроса, 17 ноября 2017 года среди работников детского сада «Айналайын» прошло анкетирование на тему «Переход казахского языка на латиницу». Главной целью анкетирования было исследование уровня удовлетворенности участников переходом Казахстана на латиницу.

В ходе анкетирования были обсуждены вопросы следующего характера: В чем потребность перехода казахского языка на латиницу? Поддерживаете ли вы переход на

латинский алфавит?

Участники анкетирования принимали активное участие в обсуждении предложенной темы. Всем присутствующим была предоставлена возможность свободно высказать свое мнение по поводу этих вопросов. Согласно результатам анкетирования наши работники поддерживают на поэтапность и последовательность перехода казахского языка на латиницу, на преимущества, которые получит наша страна и в научно-техническом плане, и в образовательной сфере.

Детский сад «Айналайын»

Латын әліпбиі – болашаққа қадам

денгі Нұрсұлтан Назарбаев қазақ тілі әліпбиін кириллицадан латын графикасына көшіру туралы Жарлыққа қол қойғаны туралы мәлімдеді. Түсіндіру жұмысын бөбекжай тәрбиешісі Ж.Шалтиева жалғастырды. Тыңдаушылардың назарына латын графикасына негізделген қазақ тілі Әліпбиі таныстырылды. Әліпбиге көшу туралы бейне-баспа көрсетілді.

Қазақтың мақаласында «Жүзуді үйрену үшін суға түсу керек» дегендей, тәрбиелеп отырған балаларымызға үйрету үшін алды-



мен өзіміз осы әліпбиді зерделеп, үйрену қажеттілігі айтылды.

«Балақай» бөбекжайы

Өзекті мәселе

ТІЛДІ ТАЗА ТҮТЫНАЙЫҚ

Ана тіліміздің, соның ішінде мемлекеттік тілдің мәртебесін арттырып, көсегесін көгерту туралы үнемі айтылып та, жазылып та жүр. Қаншама ой-пікірлер ортаға салынды. Неге тіліміз осы күнге дейін өз биігіне, мәртебесіне көтеріле алмай жүр? Неліктен?

Менің ойымша бұған көбінесе өзіміз, яғни қазақтар кінәліміз. Бажайылып қарап отырсаңыз, арамызда өз ана тіліне менсінбей қарайтын, тіпті мұрнын шүйіретін қандастарымыз әлі де баршылық екенін байқар едіңіз. Ақиқатын айтқанда, тілімізге деген сүйіспеншілік пен құрмет, ана тілдің қадір-қасиетіне болған ұлттың намыс әрбір қазақтың жүрегінен кең орын алмаса қанша жерден заң шығарып, жүздеп қаулы-қарар қабылдағанмен одан еш

нәтиже шықпайды. Бұны осы күнге дейінгі қолданылып келген тәжірибе айқын көрсетіп отыр. Өкінішке қарай ана тілімізді шұбарлап, қойыртып жасап сөйлейтіндерді өмірде есіткен былай тұрсын, өз көзімізбен көріп жүрміз. Өзге ұлттарды айтпағанда, өз қандастарымыз бір-бірімен орысша сөйлесіп тұрғанын көргенде қаның басына шабады. Олардың қазақшаны жақсы білетінін, сөйте тұра неге орысша байқағанда амалсыздан сын айтуға мәжбүр боласың. Біреулері айтқаныңды тыңдап, «кешіріңіз, үйреніп кеткеміз ғой...» деп ұялып жатса, кейбірі бетіңнен ала түседі. Қарап отырып, құлдық санадан құтыла алмай жүргенін байқау қиын емес. Бұл орта жастан асқандардың кейпі. Жастар арасында өздері ғана түсінетін кірме

сөздердің пайда болғанына не айтамыз? «Туған тіліне жаны ашымаған адам – жәндік» депті К.Паустовский. Сонда бұларды жәндіктің қай түріне жатқызамыз?

Тағы бір айтатын мәселе, кейбір мекемелерге барсаң орыс тілінде сауатты жазылған сөз қазақ тілінде қате аударылған күйде тұра береді. Оны көргендердің бірі миыңнан күліп қиястай өтіп кетсе, енді біреулері мән де бермейді. Қазақ тіліне шала-шұрпы, қате аударылған сорлы сөз сол күйінде қала береді. Өзім көзім көрген жерлерде мұны басшыларына айтып, дұрыс аудармасын айтып кетіп жүремін. Айта берсек мұндай мысалдар жетіп-артылады. Бұдан бұрын да айтып жүргенімдей, қазақ тіліне деген қажеттілікті арттырмай тұрып, тіліміздің жағдайы жөнделеді, көсегесі көгереді дегенге ешқашан сенбеймін. Біз ауылдық жерде, орысы жоқ мекенде оқып білім алдық. Орыс тілі мен әдебиеті өтілді ме, өтілді жағдайында ғана болғаны шындық. Алайда, жоғарғы оқу орнына,

әскерге барғанда орыс тілін білу қажеттігі алдымыздан шықты. Онсыз күнің қараң болды. Қызметке де орыс тілін білмесең, алынбайтынсың. Міне, осыдан кейін орыс тілін үйренуге мәжбүр болдық. Бұл біз үшін өткен өмірден қалған үлкен сабақ, тәжірибе емес пе? Осыны негізге ала отырып, бұл әдісті жай ғана ішінара қолдансақ, жетіп жатыр. Тағы бір таң қалатыным, бізге – қазақтарға қарағанда өзге ұлттардың қазақ тілін үйренуге деген құлшынысын анық байқаймын. Қазақтар балаларын орыс балабақшасы мен мектептеріне беріп жатқанда, олардың қазақ балабақшалары мен мектептерін таңдайтынын көріп жүрміз. Қорыта келе, туған тілімізге деген қажеттілікті тудыруымыз керек деп есептеймін.

Н.ҚЫДЫРМҰРАТУЛЫ,
«Тіл жанашыры» байқауының иегері.

ИНФОРМАЦИЯ О ПРОВЕДЕНИИ РАЗЪЯСНИТЕЛЬНОЙ РАБОТЫ ПО ВНЕДРЕНИЮ ОСМС В ГОРОДЕ ПРИОЗЕРСК

В рамках введения и реализации государственной системы «Обязательного социального медицинского страхования» в феврале 2017 года заместителем акима был утвержден сетевой график по организации разъяснительной работы с населением. В соответствии с данным графиком на 27 июня из 30 запланированных встреч проведено 30 встречи и 21 встреч вне графика. Итого 51 встречи. Охват населения составил 4724 человека (94%). Встречи проводятся с участием заместителя акима города и спикерами города, Шагировым Н.М. и Тогузбаевым М.К., утвержденными управлением здравоохранения Карагандинской области.

Категория льготников освобожденных от уплаты в системе ОСМС:

Населения города Приозерск на сегодняшний день 13228 человек, из них:

Несовершеннолетние - 3451 чел.

Участников ВОВ и инвалиды ВОВ – 3 чел.

Получатели пенсии и пособия – 1095 чел.

Инвалиды I, II и III группы – 241 чел.

Многодетные семьи (4–х и более детей) - 175 чел.

Беременные – 247 чел.

Студенты – 62 чел.

Обладатели подвески «Алтын алка» и «Кумыз алка» - 152 чел.

Безработные – 122 чел.

Этнические казахи – 157 чел.

Лица имеющие гражданство РФ (офицеры РФ и члены их семьи) – 2500 чел.

С учетом вычета лиц освобожденных от уплаты в системе ОСМС, разъяснительной работы надо охватить 299 человек.

Информационная поддержка по внедрению ОСМС проводится через местную газету «Приозерский вестник». За отчетный период было опубликовано 12 статей. На местах массового посещения населения (отделение народного банка и на городской больнице) установлены 2 стенда Ролл-апов по ОСМС. Каждую субботу на городской ярмарке проводятся разъяснительные работы по ОСМС с населением и раздаются буклеты работниками городской больницы.

В целях широкого информирования населения города на квитанциях коммунальных услуг были прикреплены листовки в количестве – 2000 шт. Дополнительно информации размещены в социальные сети КГУ «Центральной больницы города Приозерск». Для жителей города круглосуточно работает номер «Служба поддержки пациента и внутреннего контроля 5-31-13».

В соответствии с Законом Республики Казахстан от 22 декабря 2016 года «О внесении и дополнении в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам обязательного социального медицинского страхования» 28 марта 2017 года Центром занятости населения акимата города Приозерск начата работа по определению статуса лиц включенных в список.

На сегодняшний день в систему «Назначение социального статуса» внесено 2762 человек, т.е. 100%, из них самозанятые 1



чел., работающие 555 чел., получающие соц выплаты 56 чел., студенты 62 чел., выехавшие 113 чел., умершие 7 чел., незарегистрированные безработные 75 чел., непродуктивные самозанятые 516 чел., и другие категории 47 чел. (школьники, зарегистрированные безработные, инвалиды и др.).

Всего автоматический актуализированы 1330 человек.

Г. Шарбекова,
руководитель отдела внутренней политики, культуры и развития языков города Приозерск



ТҮРҒЫНДАРДЫҢ НАЗАРЫНА

ВНИМАНИЮ НАСЕЛЕНИЯ

ЖАҢА ФОРМАТТАҒЫ АТАУЛЫ ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК

2017 жылдың 09 қарашасында Қарағанды облысы Приозерск қалалық Мәслихаты аппаратының акт залында Жаңа нысандағы АӘК түсіндіру бойынша төрт немесе одан да көп балалары бар отбасылармен кездесу өткізілді.

Кездесу барысында Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің маманы мен Приозерск қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығының маманы Жаңа форматтағы атаулы әлеуметтік көмектің енгізілуі, оның қолданыстағы бағдарламадан айырмашылығы туралы төмендегідей ақпаратты түсіндіріп өтті.

2018 жылдың қаңтарынан бастап арнайы мемлекеттік жәрдемақы (АМЖ) тағайындалмайды, оның орнына аз қамтамасыз етілген отбасыларға (ең төменгі күнкөріс деңгейінің табысы отбасының әрбір мүшесіне шаққанда 50% кем) жаңа форматтағы атаулы әлеуметтік көмек (АӘК) көрсетілетін болады.

Бұл көмек қазіргі қолданыстағы үш түрлі әлеуметтік көмектердің орнын алмастырады. (көпбалалы отбасыларға берілетін АМЖ, аз қамтылған отбасынан шыққан 18 жасқа дейінгі балаларға арналған жәрдемақы және атаулы әлеуметтік көмек).

Негізгі мақсаты: әлеуметтік көмекті оған шын мәнінде кім мұқтаж, сол азаматтарға ғана ұсыну. Табысы төмен еңбекке жарамды азаматтарға, олардың жұмыспен қамтудың белсенді шараларына және әлеуметтік бейімдеуге қатысқан жағдайда ғана мемлекеттік қолдау көрсетілетін болады.

Жаңа форматтағы АӘК жұмыспен қамтудың белсенді шараларына отбасының еңбекке қабілетті адамдарының қатысу шартымен көрсетіледі және екі түрге бөлінеді: **Шартты ақшалай көмек және Шартсыз ақшалай көмек.**

Шартты ақшалай көмек құрамында еңбекке жарамды кем дегенде бір мүшесі бар отбасыға әлеуметтік келісімшарт жасасқан жағдайда, сонымен қатар, отбасының барлық еңбекке жарамды мүшелері жұмыспен қамту шараларына міндетті түрде қатысқан жағдайда беріледі. Жәрдемақы 6 айға тағайындалады және ай сайын немесе бір ретте төленетін болады. Бір реттік төлем тек қана өз ісін және қосалқы шаруашылығын ашуға беріледі.

Шартсыз ақшалай көмек, құрамында еңбекке жарамсыз мүшелері бар отбасыларға (мысалы, қарт зейнеткерлер мен мүгедектер отбасы) немесе еңбекке

жарамды мүшелері еңбекпен қамту шараларына белгілі бір себептермен қатыса алмайтын отбасыларға (мысалы, мектеп жасындағы балалары бар жалғызбасты ана) беріледі. Мұндай отбасылардан жәрдемақы алу үшін жұмыспен қамту шараларына міндетті түрде қатысу талап етілмейді. Атаулы әлеуметтік көмектің мөлшері отбасының жан басына шаққандағы орташа табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен 50 % төмен әрбір отбасы арасындағы айырма түрінде есептеледі.

Жаңа нысандағы атаулы әлеуметтік көмектің аз қамтылған отбасыларды қолдаудың қазіргі уақытта қолданыстағы бағдарламалардан айырмашылығы



Жаңа нысандағы АӘК пайда болуына дейін әлеуметтік көмектің кез-келген түріне жүгіну процесі үш қадамнан тұратын қайталанатын цикмен шектелетін: арызды беру → заңдылығын анықтау → ақшалай көмекті тағайындау және төлеу. Өтініш берушіге жұмысқа орналасу ұсынылатын, бірақ отбасының басқа мүшелері бұл процесске қатыспайтын.

Жаңа нысандағы АӘК қолданыстағы бағдарламалардан негізгі айырмашылығы – бұл отбасының жекелеген қажеттіліктеріне бағытталған тәсілдің кешенділігі.

Әлеуметтік қорғаудың тәжірибесінде алғаш рет жұмыс өтініш берушімен ғана емес, отбасының еңбекке қабілетті мүшелерінің барлығымен жүргізіледі.

Кенестері 5-23-17; 5-27-88 телефон нөмірлері арқылы алуға болады және Балқаш көшесі 5 ұй, 114 каб.

Приозерск қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы

ВСТРЕЧА С МНОГОДЕТНЫМИ СЕМЬЯМИ ГОРОДА ПО РАЗЪЯСНЕНИЮ НОВОЙ СИСТЕМЫ АДРЕСНОЙ СОЦИАЛЬНОЙ ПОМОЩИ (АСП) НОВОГО ФОРМАТА

В актовом зале аппарата Приозерского городского Мәслихата Карагандинской области 09 ноября 2017 года прошла встреча с семьями, имеющими четыре или более детей, по разъяснению нового формата АСП.

В ходе встречи специалист Отдела занятости и социальных программ города Приозерск и специалист Центра занятости населения акимата города Приозерск дали разъяснение «О новой системе адресной социальной помощи АСП нового формата и отличия адресной социальной помощи от

мероприятий занятости и будет классифицироваться на 2 вида: Безусловную и Обусловленную денежную помощь.

Обусловленная денежная помощь оказывается - одиноким (или) одиноко проживающим малообеспеченным трудоспособным лицам, а также малообеспеченным семьям, имеющим в своем составе трудоспособного (трудоспособных) члена (членов), при условии его (их) участия в мерах содействия занятости и (или) при необходимости социальной адаптации. Это может быть профессиональная подготовка, направление на СРМ, общественные рабочие места, трудоустройство. Обусловленная денежная помощь назначается на 6 месяцев ежемесячно или одновременно и должна быть использована исключительно на мероприятия, связанные с развитием личного подсобного хозяйства (покупка домашнего скота, птицы и другое), организацию индивидуальной предпринимательской деятельности. Назначается при условии дохода семьи ниже 50% прожиточного минимума.

Безусловная денежная помощь оказывается - одиноким (или) одиноко проживающим малообеспеченным лицам с ограниченными возможностями, которые не могут принять участия в мерах содействия занятости в связи с достижением пенсионного возраста, инвалидностью первой или второй группы; наличием заболевания, при котором может устанавливаться срок временной нетрудоспособности более двух месяцев и т.д. Назначается на текущий квартал и выплачивается ежемесячно.

Отличия адресной социальной помощи от существующих в настоящее время программ поддержки малообеспеченных семей

До появления АСП в новом формате процесс обращения за любым видом социальной помощи ограничивался повторяющимся циклом из трех шагов: подача заявления → определения правомочности → назначение и выплата денежной помощи. Заявителю предлагалось трудоустроиться, но другие члены семьи в процессе никакого участия не принимали.

Основное отличие АСП нового формата от существующих программ – это комплексность подхода, ориентированного на индивидуальные потребности семьи.

Впервые в практике социальной защиты работа ведется со всеми трудоспособными членами семьи, а не только с заявителем. **Получить консультацию можно по тел.: 5-23-17; 5-27-88, а также по адресу: ул.Балхашская 5, 114 каб.**

Центр занятости населения акимата города Приозерск

БАРАП ЖОЛ ЖОҚ

Террористік актілердің алдын алу және экстремизм ошақтарының пайда болуына жол бермеу шаралары олардың алдын алу жұмыстарын тұрақты жүргізген жағдайда ғана мүмкін болады. Ең танымал «Таблиғи жамағат» халықаралық діни экстремистік ұйымдардың (одан әрі – ХДӘУ), сонымен қатар «Таблиғи жамағат» халықаралық исламдық миссионерлік қозғалысы ретінде танымал ұйымның қызметіне мемлекеттік органдардың шектеу қоюы жөніндегі шаралары көрнекті болып табылады.

Қазақстанда аталған ұйымды қолдаушылардың қызметі алғаш рет 1998 жылы тіркелді. 2000 жылдары оның эмиссарларының (Шығыс Араб елдері, Пәкістан және Қырғызстан) кеңінен тараған белсенді

миссионерлік қызметі Қарағанды өңірінде, жалпы Қазақстан бойынша қоғам жақтарының көбеюіне әкелді.

2013 жылдың басында олардың өңірдегі саны 100-ден асты, олардың кейбіреулері тұрақты түрде Қырғызстанның, Пәкістанның, Үндістанның және Бангладештің таблиғи орталықтарына оқуға аттанды. Одан басқа, «таблтиғи» қызметіне мемлекеттік органдар мен құқық қорғау құрылымдары қызметкерлерінің қатысатыны туралы деректер де орын алды. «Таблтиғи» деструктивті идеологиясының таралу қаупінің артуы мемлекеттік органдар тарапынан төтенше әрекет ету шараларын қабылдау қажеттігін туғызды.

Нәтижесінде 2013 жылы Қазақстанның

аумағында «Таблиғи жамағат» ХДӘУ қызметіне тыйым салу туралы сот шешімі қабылданды. Бір мезгілде «таблтиғи» аталған идеологияның қауіптілігін түсіндіруге бағытталған мемлекеттік органдардың кең ауқымды алдын алу жұмыстары ұйымдастырылды.

Аталған шаралар «таблтиғи» көбінің апта сайын мешітке өткізілетін діни жиындарының (машура) тоқтатылуына, басқа өңірлерге шығуларын қысқартуға, сонымен қатар Қазақстанның басқа өңірлерінен ұйымның жақтастарын шақырудан бас тартуларына ықпал етті.

Дегенмен, Қарағанды мен Теміртау қалаларының кейбір тұрғындары экстремистік қауымдастықтың идеологиясын белсен-

Экстремизммен күрес

ді насихаттауды жалғастырды, бұл тиісті төтенше әрекет ету шараларын қабылдау қажеттігін тудырды. Сонымен, 2015 жылғы ақпанда аталған деструктивті қызметі үшін теміртау ұйымының көшбасшысы Апакашев, ал 2016 жылғы мамырда қарағанды ұйымының көшбасшылары Шакентаев, Сериков және Шопе-новтер ұсталды.

Сот органдарының тарапынан аталған адамдар жазасын өтеудің нақты шарттары бойынша сотталды. Олар түрмеде отырған кезінде ғана «Таблиғи жамағат» ДӘБ идеологиясының және қызметінің қате екенін түсінді.

Нина Крамер

КАЗАХСТАН В РЕЙТИНГЕ «DOING BUSINESS»

Группа аналитиков Всемирного банка (WorldBank) ежегодно в 189 странах мира проводит исследования благоприятных условий ведения бизнеса. Анализ производится по 10 индикаторам:

1. Регистрация предприятий
2. Получение разрешений на строительство
3. Регистрация собственности
4. Получение кредитов

5. Защита инвесторов
6. Налогообложение
7. Международная торговля
8. Исполнение контрактов
9. Разрешение неплатежеспособности
10. Подключение к системе электроснабжения.

Казахстан также участвует в рейтинге стран по применению благоприятных условий

Благоприятные условия для бизнеса

ведения бизнеса. В 2017 году наша страна заняла 35 место оставив за собой Белоруссию и Россию.

Чем выше позиция в ранжировании тем лучше регуляторный климат в ведении бизнеса. Индекс страны - это средний показатель по 10 индикаторам, каждый из которых имеет равный вес.

Так, по критерию «получение разрешения на строительство» Казахстан поднялся на 22 место, а по критерию «регистрация собственности» -

наблюдается рост до 18-го места. По показателю «разрешение неплатежеспособности» Казахстан поднялся до 37 места.

В нашей Республике уделяется большое внимание состоянию бизнеса. Усилиями Правительства, бизнесменов, граждан страны наше государство должно войти в 30 конкурентоспособных стран мира. Прежде всего эта задача направлена на улучшение жизни казахстанцев.

Управление юстиции г.Приозерск



АУҚЫМДЫ ҚАЛАЛЫҚ СЕМИНАР

Жуықта қаладағы балабақшалар мен мектептердегі бастауыш буындардың қатысуымен «Балақай» бөбекжайының ғимаратында «Оқу-тәрбие үдерісінде инновациялық технологияларды қолдануға бағытбағдар беру, озық іс-тәжірибелер мен идеяларды насихаттау» тақырыбында «Балақай» бөбекжайы» КМҚК бастамасымен және ұйымдастыруымен ауқымды қалалық семинар болып өтті.

Асталмыш семинардың мақсаты: Инновациялық технологияларды зерделеу, оларды дұрыс қолдануды үйрету. Мектепке дейінгі балалардың білім алуына бірдей бастапқы мүмкіндіктерді қамтамасыз ету. Кез-келген инновациялық технологиялар қолдану арқылы педагогтардың терең теориялық, психологиялық, педагогикалық білімдерін арттыру, шеберліктерін қалыптастыру. Қалалық семинарға қаладан Приозерск қаласының білім бөлімінің әдістемелік кабинетінің әдіскерлері; Приозерск қаласының Айналайын» бөбекжайы; Приозерск қаласының «Балбөбек» бөбекжайы; Приозерск қаласының «Достық» балалар-жасөспірімдер орталығы жанындағы «Еркедай» шағын орталығы және Приозерск қаласының № 2 жалпы білім беретін мектебі» КММ (бастауыш буын) қатысқан болатын.

Жүргізуші «Оқу-тәрбие үдерісінде инновациялық технологияларды қолдануға бағытбағдар беру, озық іс-тәжірибелер мен идеяларды насихаттау» атты тақырыбындағы іс-шараның мақсатымен таныстырып өткен соң, Семинарға қатысушылар арасынан сөзге шығатындарға кезек берілді.

Бағдарламада алғы сөзбен шыққан бөбекжай директоры Узалина Гульнара Толухановна «Инновациялық білім беру технологиялары», семинардың мақсаты мен өзектілігі жайлы баяндама жасады. Ол өз сөзінде орыс ғалымы Л.В.Зенков «Жаңа технологиялық әдіс-тәсілдерді пайдалану-білім сапасын арттырудың бірден-бір жолы» деп атап көрсеткен. Күн сайынғы, тіпті сағат сайын артып, өзгеріп отырған әлемдік ақпаратқа иелесу, ондағы жаңашыл әдіс-тәсілдерді меңгеріп пайдалана білу бүгінгі күннің педагог-гіннен үлкен ізденісті, зор талапты, өз білімін жетілдіріп арттыруды қажет етіп отыр. Заманауи жоғары технологияларды пайдалану арқылы ғана біз сапалы білім беруге қол жеткізе аламыз деп атап өтті. Назарларыңызға қысқаша педагогикалық технология түрлері және олардың

сипаттамалары туралы тоқтап кетейін («Мектепке дейінгі мекемеде қолданылатын педагогикалық технологиялар» презентация)Танысу тренингі бойынша Педагог - психолог Әбілда Арайлым Абдулғазизқызы сөз алды.

Кез-келген оқыту технологиясы тәрбиешіден терең теориялық, психологиялық, педагогикалық әдістемелік білімді, педагогикалық шеберлікті талап етеді.

«Балабақшада баланың қимыл – қозғалыс белсенділігін қалыптастыруда Ефименко Н.Н., технологиясын тиімді пайдалану» туралы ой қозғады, Тәрбиеші Қынарлова Жаңыл Қынарқызы «Балалардың танымдық – зерттеу қабілеттерін дамытуда Лэпбук технологиясын қолдану» тәрбиешілер Қосбармакова Жанар Сансызбаевна «Балалардың шығармашылыққа қызығушылықтарын арттыру мақсатында Эбру технологиясын қолдану» жайында тәрбиеші Исиркова Гулжанат Ирсаитовна, «Мектеп жасына дейінгі балалармен Эбру технологиясын ұйымдастыру» бойынша тәрбиеші Пазылова Марина Жаксылыковна баян етсе, бұдан әрі «Ефименко» технологиясы арқылы балалардың денсаулығын нығайтуда, оқу қызметін қызықты өткізу үшін әртүрлі қойылым, түрлі әуендер арқылы дәстүрлі емес түрде ұйымдастыру, балаларға қуаныш сыйлау, денсаулықтарын нығайтуға, рухани дамуына үлес қосу. Алған білімдерін іс жүзінде қолдануға зейінді, епті болуға тәрбиелеу. Презентация, шеберлік-сынып.

Күтілетін нәтиже: Баланың назары ерікті қалыптасады. Баланың мінез-құлық дағдылары, есту, көру, қабілеттері, ритмі, коммуникативтік қабілеттері жетіледі. Адамгершілік қасиеттері қалыптасады.

Тәрбиеші: Қосбармакова Жанар Сансызбаевна. Мақсаты: Лэпбук технологиясы арқылы балаларға ертегі желісі бойынша ойлау арқылы сөздік қорын дамыту, математикалық қабілетін кеңейту. Ересек адамдармен және өзінің құрдастарымен дұрыс қарым-қатынас құруға, бірігіп іс-әрекет жасауға, балалардың танымдылық белсенділігін арттыру. Балаларды өз бетімен ақпарат жинауға, өз қалауы бойынша материалды қолдануға үйрету. Туған ел табиғатын аялауға, аңдарды қорғап қамқорлық жасауға, қызықты ойындар арқылы балаларды тапқырлыққа, алғырлыққа тәрбиелеу.

Күтілетін нәтиже: «Лэпбук» технологиясы - мектепке дейінгі балалардың танымдық- зерттеу белсенділігін дамытады. Лэпбук технологиясы



арқылы балалардың ойлау, шығармашылық қабілеттерін дамуына жақсы әсер тиеді. Бір мәселені шешу жолында әр сала бойынша білімдер алады және алған білімдерін қолдана алады.

Тәрбиеші: Исиркова Гулжанат Ирсаитовна. Мақсаты: Эбру технологиясы арқылы балаларды іскерлікке, икемділікке, шеберлікке және жаңаша мазмұн табуға үйрету. Балаларды сурет салудың дәстүрден тыс әдістерін пайдалана отырып кез келген сурет салуда өз шығармашылықтарымен ұштастыра білуге дағдыландыру. Эстетикалық талғамын арттыру, әсемдікке тәрбиелеу. Презентация, шебер-сынып. Күтілетін нәтиже: Балада көркем өнер туралы білім қалыптасады. Шығармашылығы дамиды, авторлық бағытта бейнелей біледі. Отбасы және балабақша ынтымақтастығы орнайды. Балалардың іскерлік қабілеті дамып, эстетикалық талғамы артады. Сурет іс-әрекеттері арқылы бейнелеу өнеріне деген сүйіспеншілігі оянады.

Тәрбиеші: Пазылова Марина Жаксылыковна. Мақсаты: Қоршаған ортадағы заттардың қандай материалдардан жасалғанын анықтап атауға, олардың сапасы мен қасиеттерін сипаттауға үйрету. Шығармашылық және дербес ойлаудың элементтерін, қоршаған орта мен табиғатқа деген қызығушылығын дамыту. Бақылау, эксперимент кезінде байқағыштыққа, еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу. Презентация, шебер-сынып. Күтілетін нәтиже: Тәжірибелік

Бала тәрбиесі – баршаға ортақ

жұмысты жүзеге асыру барысында мектеп жасына дейінгі балаларда тірі және өлі табиғатпен таныстырудағы зерттеушілік, эксперименталды іс-әрекет жасауға және әр-түрлі құбылыстарды дербес зерттеу, онымен дара өзгерістерді өткізу, болжауларды белсенді айту, әдеттегі ой қорытындыларын құрастыру туралы жалпылама ептіліктері қалыптасады.

Бұдан кейін бойларын сергітіп алу үшін ортаға шығып «Моншактар» жаттығуын жасауға кірісті. Мақсаты: педагогтардың ұйымшылдығын, ауызбіршілігін және де бір-біріне деген сенімділігін арттыру. Мұнан соң жүргізуші Семинарды қорытындылауға кірісті. Рефлексия. Құрметті әріптестер бүгінгі «Оқу-тәрбие үдерісінде инновациялық технологияларды қолдануға бағытбағдар беру, озық іс-тәжірибелер мен идеяларды насихаттау» тақырыбында өткізілген қалалық семинарымызды қорытындылай отырып, ұнаған технологиялар жөнінде өз пікірлеріңізді мына смайликтер арқылы білдірулеріңізді сұраймыз. Қатысушылардың пікірлері тыңдалды. Күтілетін нәтижелер: Педагогтар оқыту мен тәрбие жұмысында зерделенген технологияларды қолданады.

Педагогтардың өздігінен білімдерін көтеру, әдіс-тәсілдерді түрлендіру жұмысы жүйеленді. Балалардың қызығушылығы артады.

Жамила ШАЛТНІЕВА,
тәрбиеші-әдіскер

ТҮРҒЫНДАРДЫҢ НАЗАРЫНА

ВНИМАНИЮ НАСЕЛЕНИЯ

Құрметті Приозерск қаласының тұрғындары!

2017 жылдың 24 наурызынан бастап Қарағанды облысында «Парасыз болашаққа. Бірге!» ұранымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы мобильді топ өз жұмысын бастады.

Мобильді топ құрамына Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қарағанды облысы бойынша Департамент басшылығы мен қызметкерлері, «Азаматтарға арналған үкімет» МК Халыққа қызмет көрсету орталығы департаменті филиалының, «Нұр Отан» партиясының, «Қазақстан кәсіпкерлері және сервистік қызметтер қауымдастығының» және Қарағанды облысының Қазақстан халқы Ассамблеясының өкілдері кіреді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы топ қызметінің мақсаты сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін көтеру және құқық бұзушылықтардың барлық нысандарына «мүлдем төзбеушілік» қағидатын қалыптастыру болып табылады. Сонымен қатар мобильді топпен сапарларда өтініштерді және азаматтар қабылдауын іске асырудың мүмкіндіктері де қарастырылған.

Ағымдағы жылдың 23 қарашасында Қарағанды облысының сыбайлас жемқорлыққа қарсы мобильді тобы Приозерск қаласының тұрғындарымен кездесу өткізеді және азаматтарды қабылдайды.

Қабылдау Приозерск қаласының әкімдігі ғимаратында сағат 17.00-де өтеді.

Анықтама үшін телефоны – 54197.

Тұрғындардың белсенді қатысуын сұраймыз!

Қала әкімі аппаратының
мемлекеттік-құқықтық бөлімі

Уважаемые жители города Приозерск!

С 24 марта 2017 года в Карагандинской области начала свою работу Антикоррупционная мобильная группа под девизом «Бірге! Парасыз болашаққа» - «В будущее-без взяток. Вместе!»

В составе группы руководство и сотрудники Департамента Агентства по делам государственной службы и противодействию коррупции по Карагандинской области, представители Департамента «Центр обслуживания населения» филиала НАО Государственная корпорация «Правительство для граждан» по Карагандинской области, Карагандинской областной Палаты предпринимателей, партии «Нұр Отан» и Ассамблеи народа Казахстана Карагандинской области.

Основная цель антикоррупционной мобильной группы - повышение уровня правовой культуры и формирование в обществе «нулевой терпимости» ко всем видам правонарушений. Наряду с этим, реализована возможность приема граждан и обращений во время выездов мобильной группы.

23 ноября текущего года Антикоррупционная мобильная группа Карагандинской области проводит встречу с жителями и прием граждан города Приозерск.

Прием пройдет в здании акимата города в 17.00 часов.

Телефон для справок – 54197.

Просим жителей принять активное участие!

Государственно-правовой отдел
аппарата акима города

ХАБАРЛАНДЫРУ

ОБЪЯВЛЕНИЯ

ХАБАРЛАНДЫРУ

ОБЪЯВЛЕНИЯ

СЧИТАТЬ НЕ ДЕЙСТВИТЕЛЬНЫМ

Свидетельство об окончании основной школы,
сер НКМ, № 1363585, выданное
14 июня 2003 года на имя

Хомидов Фарух Мехмоналиевич, 23.12.1987 г.р.,
в связи с утерей.

ПАРИКМАХЕРСКАЯ «МИЛОЛИКА»

Предлагает услуги по мужской и женской стрижкам, укладке, по маникюру, наращиванию ногтей и педикюру. Ждем Вас по адресу:
ул. Космонавтов, 5-107, телефон: 5-50-81

Время работы: с 10.00 час. до 19.00 час.

Выходной - Понедельник.

На маникюр и педикюр запись по тел.: 8-771-699-32-89

Собственник: ИП Бухарбаева А.А.

Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан

Свидетельство о постановке на учет СМИ № 15037-Г от 26.12.2014г.

Адрес редакции: 101100 г. Приозерск, ул. Космонавтов, д.5-107.

Справки по тел. +7-705-981-86-79 (Гл. редактор),

+7-702-604-02-60 (тех. редактор)

E-mail: prz_westnik@mail.ru Веб-сайт: www.prio-vestnik.kz

Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда,

ул. Сатпаева 15. Заказ № 46/534. Тираж: 500 экз., объем-1 п.л.,

формат - А2, 4 стр.

Главный редактор: Кенжебеков Б.А.

Технический редактор: Струментов А.В.

Для подачи частных объявлений и рекламы

обращаться по тел: +7-705-466-60-63

Корреспонденция принимается на электронный

адрес: prz_westnik@mail.ru

Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.